

ЖМ ХҒА академигі, Еуразия Халықаралық экономикалық академиясының академигі, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор  
**Аймағамбетов Ерқара Балқараұлының**  
**ҒЫЛЫМИ МЕКТЕБІ**



Университет қызметкерлерінің негізгі ғылыми бағыты ЖМ ХҒА академигі, Еуразия Халықаралық Экономикалық Академиясының академигі, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің ректоры, экономика ғылымдарының докторы, профессор Аймағамбетов Ерқара Балқараұлының ғылыми мектебінің перспективалық бағыттарымен байланысты.



Әлемдік және отандық ғылымдағы жинақталған білімнің аса зор үлкен көлемін енжар игеру емес, Қазақстан экономикасының дамуын талдауға жаңа методологиялық тәсілдемелерді енгізу, нарықтық шаруашылықтың қазақстандық модельдерінің болашағы зор екенін негіздеу, елдің әлеуметтік-экономикалық дамуының туындайтын қауіп-қатерлері мен қажеттіліктеріне баламалы және дәлелді жауаптар іздеу, профессор Аймағамбетовтың ғылыми мектебіне тән.

Е.Б.Аймағамбетовтың ғылыми мектебінің әзірлемелерінде көрініс тапқан негізгі ғылыми тақырыптар, Қазақстан экономикасының өндірістік және өндірістік емес (индустриялық-инновациялық даму, білім беру, денсаулық сақтау, мәдениет) салаларының проблемаларын шешумен, ұлттық экономиканың бәсекеге қабілеттілігімен, қазіргі кезеңдегі қоғамдағы әлеуметтік-экономикалық қатынастарды институцияландыруды дамытуды қоса алғанда, бизнестің жұмыс жасауының теориялық аспектілерімен байланысты.

Экономика ғылымдарының докторы, профессор Аймағамбетов Ерқара Балқараұлының жетекшілігімен 5 экономика ғылымдарының докторы, 26-дан астам ғылым кандидаттары, 4 PhD философия докторлары дайындалды.

Қазіргі уақытта университетте Е.Б.Аймағамбетов ғылыми консультанты және ғылыми жетекшісі болған экономика ғылымдарының докторлары мен кандидаттары, профессорлар мен доценттер: э.ғ.д., профессор Қ.С.Айнабек, э.ғ.д., профессор А.К.Сембеков, э.ғ.д., профессор М.Р.Сихымбаев, э.ғ.к., доцент А.А.Легостаева, PhD докторы А.А.Мұсатаева және тағы басқалар жұмыс жасайды.

2001-2010 жылдар кезеңінде Е.Б.Аймағамбетов кандидаттық және докторлық диссертациялар қорғау жөніндегі К14.70.01 және Д14.70.01 Диссертациялық Кеңесінің Төрағасы болды.

Экономика ғылымдарының докторы, профессор Е.Б.Аймағамбетовтың ғылыми қызметінің нәтижелері 15 монографияда және 200-ден астам мақалаларда, оның ішінде импакт-факторлы мақалаларда көрініс тапты.

Е.Б.Аймағамбетов белсенді қоғамдық қызметпен айналысады – Қарағанды облыстық аумақтық сайлау комиссиясының төрағасы, «Нұр Отан» ХДП Қарағанды облыстық филиалы жанындағы сыбайлас жемқорлықпен күрес жөніндегі қоғамдық кеңестің төрағасы, ҚР Мемлекеттік қызмет істері жөніндегі агенттігінің Қарағанды облысы бойынша тәртіптік кеңесінің мүшесі.

Аса зор еңбегі үшін Е.Б.Аймағамбетов В.И.Лениннің туғанына 100 жыл толуы құрметіне «Ерлік еңбегі үшін» медалімен, «Кұрмет» орденімен (2004), «Қазақстан Конституциясына 10 жыл» мерекелік медалімен (2005), «А.Байтұрсынов» күміс медалімен (2006), «Қазақстан Парламентіне 10 жыл» медалімен (2007), «10 жыл Астана» мерекелік медалімен (2007), «Парасат» орденімен (2009), Қазақстан халқы Ассамблеясының «Бірлік» алтын медалімен (2014), «Қазақстан халқы Ассамблеясына 20 жыл» мерекелік медалімен (2015), II дәрежелі «Достық» орденімен (2016) марапатталған.